



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 22 қаңтар

### 2018 жылғы 12 қаңтардан 19 қаңтар аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

19 қаңтардағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 1,6%-ға (329,67-ден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 324,27 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 12 қаңтардан 19 қаңтар аралығындағы маңызды оқиғалар АҚШ-тың экономикалық шолуын жариялау (“Ақшыл сары кітап”), ЕОБ өкілдерінің АҚШ-тың экономикалық тұрақтылығы және монетарлық саясатқа қатысты түсініктемелері, Қытай ІЖӨ-нің өсуі бойынша экономикалық деректер болды. Осы факторлар АҚШ доллары бағамының әлемдік нарықтарда әлсіреуіне әкеліп соқты.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

• **Түрік лирасы** президент Реджеп Эрдоғанның Сириядағы АҚШ тарапынан қолдау тауып отырған күрдтарға қарсы әскери күш қолдану туралы жариялауына байланысты Түрік Республикасы мен АҚШ арасындағы өршіп бара жатқан шиеленістің аясында 0,6%-ға (3,75-тен 3,81-ге дейін) әлсіреді, бір апта ішінде Түрік Республикасының Орталық Банкі инфляцияның ықтимал баяулауына қарамастан қатаң монетарлық саясатты сақтау туралы шешім қабылады. Орталық банктің шешімі түрік лирасының әлсіреуін тоқтатты;


- **Үндістан рупиясы** 0,3%-ға (63,64-тен 63,85-ке дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** 0,2%-ға (56,60-тан 56,72-ге дейін) әлсіреді;
- **Бразилия реалы** 0,3%-ға (3,21-ден 3,20-ға дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** 0,3%-ға (13 316-дан 13 353-ке дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранді** мөлшерлеменің төмендеуі туралы болжамға қарамастан Оңтүстік Африка Резервтік банкі базалық мөлшерлемені сақтауы аясында 1,4%-ға (12,37-ден 12,20-ға) нығайды;

• **Мексика песосы** Еркін сауда-саттық туралы Оңтүстік Америка келісімін (НАФТА) қайта қарауға қатысты келіссөздер бойынша талдаушылардың нық сенімдерінің артуы аясында 2,1%-ға (19,04-тен 18,64-ке дейін) нығайды.

<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

**Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %  
(2018 жылғы 12 -19 қаңтар )**



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)